

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ӨҚД	Саясат
Мәртебесі: Қолданыстағы	ӨҚД 18 12 АА	6-беттен 1-шісі

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ЯДРОЛЫҚ ЖӘНЕ
РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АЯСЫНДАҒЫ
САЯСАТЫ**

1. Мәні

Осы Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, ядролық және радиациялық қауіпсіздік аясындағы саясат (бұдан әрі – Саясат) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың (бұдан әрі – Қоғам) еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы ортақ принциптері мен қызмет бағыттарын айқындайтын Қоғамның ішкі құжаты болып табылады.

2. Әрекет ету аясы

Осы Саясаттың әрекеті Қоғамның өндірістік қауіпсіздікке тікелей немесе жанама түрде ықпал ететін қызметінің барлық түрлеріне таралады. Саясат Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен қолданылуға міндетті болып табылады, сондай-ақ Қоғамның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарымен (бұдан әрі – ЕТҰ) қолданылуға ұсынылады.

Рев. №	Өзгертілген парақтар	Әзірледі	Мақұлданды	Бекітілді
1.		ӨҚД директорының м.а. Ысқақов М.М. 2017 жылғы 5 маусым	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2017 жылғы «16» масымдағы № 12/17 шешімімен	Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы «28» маусымдағы №4/17 шешімімен

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ӨҚД	Саясат
Мәртебесі: Қолданыстағы	ӨҚД 18 12 АА	6-беттен 2-шісі

3. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Осы Саясатта келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- **Өндірістік қауіпсіздік** – еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік аясындағы процестер кіретін басқару жүйесі;
- **Тұрақты даму** – болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне күмән келтірмей, осы уақыттың қажеттілігін қанағаттандыра алатын даму;
- **ЕТҰ** – Қоғамның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдары;
- **НҚК**- қызмет тиімділігі деңгейін сипаттайтын негізгі қызмет көрсеткіштері (индикаторлар).

4. Жалпы ережелер

4.1. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына, Қоғамның миссиясы мен стратегиясына, сондай-ақ еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы халықаралық практикаға сәйкес әзірленді.

5. Өндірістік қауіпсіздік аясындағы қағидаттар

5.1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, әлемде табиғи уранды өндіру бойынша көшбасшылық орынға ие бола тұрып, өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде мүдделі тараптар алдындағы барлық жауапкершілігін толығымен мойындайды: қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс жағдайын құрып қолдап тұруға, Қоғамның қызметіне қатынасы бар басқа да тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, Қоғам және оның ЕТҰ өндірістік қызметін жүзеге асырған жерлерде экологиялық қауіпсіздікті жан-жақты қолдауға және табиғи ортаның табиғатын сақтап қалуға және адам өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мен қоршаған ортаны қорғауды өз қызметінің ең жоғары міндеттері деп санайды.

4.2. Қоғамның өндірістік қауіпсіздік аясындағы қызметі мына қағидаттарға:

- 1) Өндірістік қызметінің нәтижесіне қарағанда адамдардың денсаулығы мен экологиялық қауіпсіздігінің басымдылығына;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам өз қызметін жүзеге асырып жатқан елдердің ұлттық заңнамасына сәйкес келуіне;
- 3) Қоғамның және ЕТҰ барлық деңгейдегі басшыларының өндірістік қауіпсіздікті қамту жөніндегі бағдарламалардың іске асырылуына деген көшбасшылық пен бейілділіктеріне;
- 4) Өндірістік қауіпсіздік жүйесін жақсартуды барлық қол жетімді техникалық және әкімшілік әдістерімен қамтуға;
- 5) Қоғам мен ЕТҰ өндірістік қызметін жүзеге асырып жатқан жерлерде тұратын халыққа және қоршаған ортаға өндірістік қызметтің ықпалын барынша азайтуға;
- 6) Қоғамның стратегиясы шеңберінде қауіпсіз және тұрақты дамуға;
- 7) Қызметкерлердің денсаулығына ұқыпты қарау, қызметкерлердің жұмыс жағдайларын үнемі жақсартуға;
- 8) Өндірістік авариялардың және қоршаған ортаның авариялық ластануының алдын алу;
- 9) Табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға және қалпына келтіруге;
- 10) қызметкерлердің қауіпсіздігінің, персоналдық жауапкершілігінің жоғары деңгейдегі мәдениетін қалыптастыруға және Қоғамның және ЕТҰ қызметкерлерін өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларға белсенді тартуға;
- 11) өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы ақпараттың айқындығын және мүдделі тараптардың хабардар болуын қамтамасыз етуге сәйкес жүзеге асырылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ӨҚД	Саясат
Мәртебесі: Қолданыстағы	ӨҚД 18 12 АА	6-беттен 2-шісі

6. Саясатты іске асыру жөніндегі мақсаттар

6.1. Атом саласындағы өз қызметін жүзеге асыру кезінде өндірістік қауіпсіздікті қамту аясындағы көшбасшылық орнына қол жеткізу, оны нақты нәтижелерімен, заманауи жұмыс әдістерімен және қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар тәуекелдерін төмендетумен растау Қоғамның стратегиялық мақсаты болып табылады.

6.2. Саясаттың негіз қалаушы қағидаттарына сүйене отырып, Қоғам өндірістік қауіпсіздік аясында мына міндеттерді өзіне қояды:

- 1) Қоғамның және ЕТҰ өндірістік қызметті жүзеге асыруы кезінде қауіпсіз және тұрақты дамыту;
- 2) Қоғам қызметін жүзеге асырып жатқан аудандарда тұратын персонал мен халықтың қауіпсіз еңбек жағдайын, денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;
- 3) Қоғам қызметінің қоршаған ортаға деген ықпалын барынша азайту;
- 4) табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.

6.3. Саясаттың қойылған міндеттеріне қол жеткізу үшін, Қоғам мен ЕТҰ мына мақсаттарды орындауға қажет:

1) экологиялық, ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі аварияға қарсы алдын алу шаралар басымдығын сақтауды. Қоғамның және ЕТҰ өндірістік объектілерінің барлық жұмыс істеу циклындағы табиғи және техногендік сипатындағы авариялардың, авариялық жағдайлардың алдын алуға және жоюға басшылар мен персоналдың үнемі дайын болуын қамтамасыз етуді. Оқиғалар, инциденттер, авариялар туралы мүдделі тұлғаларға уақытылы хабарлауды;

2) қауіпсіздік аспектілер көп факторлы екенін ескеріп, өндірістік қауіпсіздік проблемаларын Қоғам мен ЕТҰ-дағы өндірістік қауіпсіздік тәуекелдерін, залалдары мен жағдайын заманауи талдау тұжырымдамасы негізінде жүйелі және кешенді түрде шешуді;

3) өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша барлық деңгейдегі басшылардың көшбасшылық сипатын және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамытуды, қызметкерлерді өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқуларын жүйелі түрде жүргізіп тұруды;

4) халықаралық стандарттар GRI, ISO 14001, OHSAS 18001 талаптарына және МАГАТЭ ұсынымдарына сәйкес Қоғамның және оның ЕТҰ қатысуымен өндірісте денсаулық пен қауіпсіздік менеджменті мен экологиялық менеджментінің интегралданған жүйелерінің нәтижелі функциялауын және үнемі жақсаруын қамтамасыз етуді;

5) Өндірістік қауіпсіздік жүйесін үнемі жақсартуды қамтамасыз ету үшін, өндірістік қауіпсіздік аясындағы қызметке байланысты экологиялық аспектілер мен елеулі тәуекелдердің бар ықпалына нақты талдауды тұрақты негізінде жүзеге асырып тұруды;

6) қызметкерлерге және барлық мүдделі тұлғаларға өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы ақпараттың қол жетімділігін, ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуді;

7) өндірістік қауіпсіздік аясындағы міндеттерге, мақсаттарға және өндірістік жарақаттану, кәсіби аурулар, қоршаған ортаға авариялық және жағымсыз ықпалдардың көрсеткіштерін мүлтіксіз төмендетуге бағытталған нысаналы НҚК және мақтаттарға, міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз етуді;

8) мемлекеттік уәкілетті органдармен, қауымдастықтармен, халықаралық ұйымдармен және өндірістік қауіпсіздік аясындағы өзге де мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруды, олардың өндірістік қауіпсіздікке қатысты қызметке деген пікірлері мен күтулерін ескеруді;

9) өнім берушілермен, мердігерлік ұйымдармен, тұтынушылармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу кезінде Саясаттың қағидаттарын басшылыққа алуды;

10) жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қоғамның және ЕТҰ өндірістік қауіпсіздік аясындағы қызметінің нәтижесіне талдау мен бағалауды жүргізуді.

7. Менеджмент жауапкершілігі

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ӨҚД	Саясат
Мәртебесі: Қолданыстағы	ӨҚД 18 12 АА	6-беттен 2-шісі

7.1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасы қызметкерлердің, клиенттердің және Қоғам қызметіне жанама немесе тікелей түрде қатысы бар барлық өзге тұлғалардың қауіпсіздігіне Қоғамның заңды міндеттемелеріне және өндірістік қауіпсіздік аясындағы негізгі мәселелерге, Қоғамда өндірістік қауіпсіздік қағидаттарын негізгі құндылықтар мен халықаралық стандарттарға сәйкес жылжытуға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың жауапкершілігін мойындап отыр.

7.2. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және тұрақты даму комитетімен алдын ала қаралған осы Саясаттың міндеттері мен мақсаттарының орындалуы туралы есептілікті тұрақты негізінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі тындайды.

7.3. Осы Саясаттың талаптарын орындау мониторингі негізгі тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады. Осы Саясаттың талаптарын орындау мониторингісіне жауапкершілік «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасына жүктеледі.

Қорытынды ережелер.

7.1. Саясат кезең-кезеңмен бағалануға, қайта қаралуға және әр бес жыл сайын немесе, қажеттілігіне қарай, өзгеріп жатқан жағдайларды онда көрсету үшін және отандық және шетелдік үздік практиканы енгізу үшін жаңартылуға жатады.

7.2. ЕТҰ өндірістік қауіпсіздік аясындағы Саясаттар Қоғамның осы Саясатына қайшы келмеуге тиіс.

7.3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Саясатпен Қоғамның www.kazatomprom.kz. ресми WEB-сайтында таныса алады.

7.4. Көпшілік назарына ұсынар кезде Саясат «Ұлттық атом компанияның фирмалық стилі жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес ресімделуге тиіс. Көпшілік назарына ұсыну үшін нұсқаның мазмұны 1 қосымшада келтірілген.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ӨҚД	Саясат
Мәртебесі: Қолданыстағы	ӨҚД 18 12 АА	6-беттен 2-шісі

1-қосымша

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ
еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, ядролық және
радиациялық қауіпсіздік аясындағы саясаты

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, әлемде табиғи уранды өндіру бойынша көшбасшылық орынға ие бола тұрып, өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде мүдделі тараптар алдындағы барлық жауапкершілігін толығымен мойындайды: қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс жағдайын құрып қолдап тұруға, Қоғамның қызметіне қатынасы бар басқа да тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, Қоғам және оның ЕТҰ өндірістік қызметін жүзеге асырған жерлерде экологиялық қауіпсіздікті жан-жақты қолдауға және табиғи ортаның табиғатын сақтап қалуға және адам өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мен қоршаған ортаны қорғауды өз қызметінің ең жоғары міндеттері деп санайды.

Қоғам еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, ядролық және радиациялық қауіпсіздік аясында мынадай қағидаттарын айқындайды:

- 1) Өндірістік қызметінің нәтижесіне қарағанда адамдардың денсаулығы мен экологиялық қауіпсіздігінің басымдылығы;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам өз қызметін жүзеге асырып жатқан елдердің ұлттық заңнамасына сәйкес келу;
- 3) Қоғамның және ЕТҰ барлық деңгейдегі басшыларының өндірістік қауіпсіздікті қамту жөніндегі бағдарламалардың іске асырылуына деген көшбасшылық пен бейілділіктер;
- 4) Өндірістік қауіпсіздік жүйесін жақсартуды барлық қол жетімді техникалық және әкімшілік әдістерімен қамту;
- 5) Қоғам мен ЕТҰ өндірістік қызметін жүзеге асырып жатқан жерлерде тұратын халыққа және қоршаған ортаға өндірістік қызметтің ықпалын барынша азайту;
- 6) Қоғамның стратегиясы шеңберінде қауіпсіз және тұрақты даму;
- 7) Қызметкерлердің денсаулығына ұқыпты қарау, қызметкерлердің жұмыс жағдайларын үнемі жақсарту;
- 8) Өндірістік авариялардың және қоршаған ортаның авариялық ластануының алдын алу;
- 9) Табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға және қалпына келтіру;
- 10) қызметкерлердің қауіпсіздігінің, персоналдық жауапкершілігінің жоғары деңгейдегі мәдениетін қалыптастыруға және Қоғамның және ЕТҰ қызметкерлерін өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларға белсенді тарту;
- 11) өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы ақпараттың айқындығын және мүдделі тараптардың хабардар болуын қамтамасыз ету.

Қоғам басшылары барлық қызметкерлеріне:

- Саясатты мүлтіксіз орындаға, өзіне және қоршаған ортаға құнттап қарауға;
- жұмыс орнында өндірістік қауіпсіздікті жақсартуға нақты үлесін қосуға;
- кез келген жарақаттану жағдай туралы, соның ішінде әлеуетті қауіпті жағдайлар туралы хабарлауға үндеу тастады.

Біз құпиялылық пен жасырындыққа кепілдік береміз.

Кәсіпорынның өндірістік қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге барлық қызметкерлердің қатысуы аса маңызды. Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында ойдағыдай нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлер, өндірістік бөлімшелер мен учаскілер мотивацияның қол жетімді әдістерімен ынталандырылуға тиіс.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ӨҚД	Саясат
Мәртебесі: Қолданыстағы	ӨҚД 18 12 АА	6-беттен 2-шісі

Қоғамның өндірістік қауіпсіздіктегі Саясаты сіздердің белсенді қатысуларыңыз арқылы және жоғары не төмен буындағы болсын әр қызметкердің тарапынан бейбелсенді қатысуы мен бейілділік танытылған кезде ойдағыдай іске асырылатын болады.

Қоғамның және ЕТҰ қызметкерлерінің қауіпсіздігін және денсаулығын қамтамасыз ету, кәсіпорындар істеп жатқан аудандардағы қоршаған ортаны сақтап қалу қызметіміздің жетістіктеріне кепіл болып табылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Басқармасының төрағасы

_____ *қолы* Т.А.Ә.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ӨҚД	Саясат
Мәртебесі: Қолданыстағы	ӨҚД 18 12 АА	6-беттен 2-шісі

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ
өндірістік қауіпсіздік аясындағы саясатын келісу парақшасы

№ п/п	Бөлімше	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы
1	Басшылар	Өндіріс жөніндегі бас директор - Басқарма мүшесі	Ыбыраев Б.М.	
2	Басшылар	Кешенді қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор	Өмірбеков Ж.Ж.	
3	Басшылар	«Уран өндіру» дивизионын басқарушы директор	Демехов Ю.В.	
4	ЗД	Директор	Задорожный А.В.	
5	КБД	Директор	Төлебаев М.Д.	
6	ТРЖМБ	басшысы	Юценко Е.В.	